

Хаттама № 1

01.08.2021 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің құрамы, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының жетістіктері мен 2021-2022оқу жылындағы өзгерістер туралы. *(Хабарламашы: А.Алибекова мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары)*
2. Мектеп ғимаратындағы санитарлық талаптардың сақталуы және бала еңбегін қанаудың,оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу туралы. *(Хабарламашы: Б.Тұрлыбеков мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)*
3. «Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылардың ата-аналарын психологиялық қолдау» туралы. *(Хабарламашы: Ф.Еспұлганова мектеп педагог-психологы)*
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Алибекова шығып, 2021-2022 оқу жылының қорытындыларына тоқталып өтті. Үлкен оқу жылындағы пандемия кезінде оқушылардың қашықтықтан білім алуы кезіндегі қиындықтарға,оқушылардың білім деңгейіне тигізген әсерлеріне тоқтала келе қиын кездерге қарамастан онлайн өткізілген түрлі білім сайыстарына оқушыларымыз қатысып,жүлделі орындарды иеленгеніне тоқталдық.

2021-2022 оқу жылындағы ҚР Білім және ғылым министірлігі тарапынан әзірленген нұсқаулықтармен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістерге тоқталды.

Жарыс сөзге: мектеп директоры Л.Илимшаева шығып, қазіргі пандемия кезіндегі оқушылардың қалыпты білім алуына әрең оралған кезімізде ат-аналар тарапынан түрлі әңгімелер өрбіп, мектеп ғимаратын дәрілеген деген сөздер көбеюінің нәтижесінде баласын мектепке жібермеу фактілері анықталғанын жеткізді.Осы бағытта мектеп ұстаздары,сынып жетекшілері оқушыларының қатысуын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізді.Ата-аналарға түрлі өсек әңгімеге сенбеу керектігін айтып өтті.

Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Тұрлыбеков сөзге шығып,жаңа оқу жылында, жалпы күнделікті оқу барысында мектепте, сыныптарда санитарлық талаптарды сақтауға қажетті заттармен демеушілер есебінен толықтырылғандығын, ата-аналар тарапынан ешқандай ақша жиналмағандығын және жинауға болмайтындығын айта келе қамқоршылық

кеңесі мүшелеріне оқу бөлмелеріндегі кейбір кабинеттерге киім ілгіш алу үшін демеуші болатын азаматтар болса хабар берсеңіздер деген ұсыныс айтып өтті.


Бала еңбегін қанаудың негізгі түрі оқушыларды сабақтан алып қалып жалдамалы жұмысқа жіберетін ата-аналардың көп екендігін, жалдамалы жұмысқа егіс алқаптарына, елді мекеннен тыс ауылдарға барып жұмыс жасауы оқушы өміріне, тәрбиесіне кері әсерін тигізетіндіген ескерте келе, мектепте құрылған мобильдік топ мүшелері егіс алқаптарын, автокөлік жуу бекеттерін, базарлар мен дүкендерді күндізгі, түнгі уақыттарда рейд жасайтындығын және рейд барысында көптеген оқушылардың кездесетіндігін айтып өтті.


Оқушылардың мектепке, сабаққа ұялы телефон алып келуі жиілеп кеткендігін және аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі 03.09.2021 жылғы № 211 бұйрығы шығып ұялы телефон алып келулеріне тиым салынғандығын алға тартты.

Үшінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің педагог-психологы: Ф.Еспулганова сөзге шығып, аутодеструктивті мінез-құлықты балалармен ата-аналармен жұмыс жүргізу жолдарына тоқталды. Мектепке келген оқушыларды сынып жетекші, мұғалім болып тәртіпке, бей-берекет жүрмеуге, бос уақытын тиімді пайдалануға, білімге жетелесе үйдегі ата-аналардың баланың қайда жүргендіктерімен жұмыстары болмай, қадағаламай, оқушылардың дұрыс бағытқа өзгеруіне кері әсерін тигізуде.

Қаулы етеді:

Шешім: Қаралған мәселелер бойынша жұмысты жандандыру.

Кеңес төрайымы:  Ұ.Рүстемова

Хатшы:  А.Тоғысбай